

Павлодар облысы әкімдігінің 2003 жылғы 25 қарашадағы "Коммуналдық меншік объектілерін кейіннен өтеуін төлеп алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру Қағидасын бекіту туралы" N 242/11 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімшіятының 2005 жылғы 16 мамырдағы N 177/4 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 26 мамырда N 3027 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі N 70/4 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі N 70/4 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 2-тармақшасы мен 2-тармағына, Павлодар облысы әкімінің 2004 жылғы 5 қарашадағы "Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдары жүйесін жетілдіру туралы" N 26 шешіміне сәйкес облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

Павлодар облысы әкімдігінің 2003 жылғы 25 қарашадағы "Коммуналдық меншік объектілерін кейіннен өтеуін төлеп алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру қағидасын бекіту туралы" N 242/11 қаулысына (облыс әділет департаментінде 2003 жылғы 8 желтоқсанда N 2136 болып тіркелді, "Звезда Прииртышья" газетінің 2004 жылғы 20 қаңтардағы 8-нөмірінде жарияланды) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбындағы "Қағидасы" деген сөз "нұсқаулық" деген сөзбен ауыстырылсын ;

1 - т а р м а ғ ы н д а ғ ы :

"қоса беріліп отырған беру Қағидасы" деген сөздер "қоса беріліп отырған беру нұсқаулығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(бұдан әрі - қағида)" деген сөздер "(бұдан әрі - Нұсқаулық)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-тармақтағы "қағиданың" деген сөз "Нұсқаулықтың" деген сөзбен ауыстырылсын ;

көрсетілген қаулымен бекітілген коммуналдық меншік объектілерін кейіннен өтеуін төлеп алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру Қағидасындағы:

тақырыбындағы "беру Қағидасы" деген сөздер "беру нұсқаулығы" деген

сөздермен

ауыстырылсын;

п р е а м б у л а д а ғ ы :

"осы беру қағидалары" деген сөздер "осы беру нұсқаулығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(бұдан әрі - қағидалар)" деген сөздер "(бұдан әрі - Нұсқаулық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "қағидада" деген сөз "Нұсқаулықта" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтың 8)-тармақшасындағы "облыс коммуналдық меншік департаменті" деген сөздер "облыс қаржы департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мына мазмұндағы 9) және 10)-тармақшаларымен толықтырылсын:

"9) "уәкілетті орган" - коммуналдық заңды тұлғаларға қатысы бойынша коммуналдық меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын орган (бұдан әрі - Уәкілетті орган)";

"10) "мемлекеттік басқару органы" - облыстық бюджеттен қаржыландырылатын әкім уәкілеттілік берген атқарушы орган (бұдан әрі - Мемлекеттік басқару органы)";

2-тармақтағы бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Құрылтайшы Мүлікті кейіннен өтеуін төлеп алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімді Уәкілетті органның немесе облыстық бюджеттен қаржыландырылатын Мемлекеттік басқару органының қолдау хаты негізінде қабылдайды";

мына мазмұндағы 2-1 тармағымен толықтырылсын:

"2-1. Құрылтайшы облыс қаржы департаменті алқа шешімінің негізінде сенімгерлік басқарушыға қосымша құқықтар беру туралы шешім қабылдайды";

мына мазмұндағы 4-1 тармағымен толықтырылсын:

"4-1. Құрылтайшы беру тәсілі туралы шешім қабылдайды";

5-тармақ мына редакцияда жазылсын:

"5. Мүлік, соның ішінде тарихи, мәдениет және сәулет ескерткіш-ғимараттарын сенімгерлік басқаруға беру осы Мүлік үшін ең төмен жалдау төлемінің сомасына Пайда алушының мүддесінде жұмыстарды (қызметтерді) орындау шартында жеке және заңды тұлғаларға беріледі";

мына мазмұндағы 5-1 тармағымен толықтырылсын:

"5-1. Күрделі ауру түрлерімен ауыратын ересек және балалардың мәселелерін шешуге бағытталған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге, қайырымдылық қызметімен айналысатын коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ өз қызметін әлеуметтік бағыттағы мемлекеттік бағдарламалардың шеңберінде іске асыратын қоғамдық бірлестіктерге Мүлікті мақсатты, қаржылық пайдасыз,

сенімге берілген Мүлікті ұстау және сақтау шарты бойынша тапсыруға болады";
6-тармақтағы "осы қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тұлғалардан басқа" деген сөздер алынып тасталсын;
6-тармақтағы екінші абзац алынып тасталсын;
мына мазмұндағы 9-1 тармағымен толықтырылсын:
"9.1. Тендерге өтінімдердің болмаған жағдайында құрылтайшы объектіні пайдалану жөнінде басқа шешім қабылдайды";
12-тармақтың 4)-тармақшасы алынып тасталсын;
15-тармақ мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"Тендерге бір өтінім берілген жағдайда объект өтінім берушіге мақсатты бағытта тапсырылады";
23-тармақ мына мазмұндағы 9)-тармақшамен толықтырылсын:
"9) сенімгерлі мүліктің жүргізілген жөндеуіне сараптау өткізуге тиісті қызметтерді тарту жөніндегі Басқарушының міндеттері";
29-тармақтағы "осы қаулыда" деген сөздер "Нұсқаулықта" деген сөзбен ауыстырылсын.

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов